

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ



ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ
ЮРИДИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ

**"Жас ғалымдар көзқарасымен Қазақстанның
үшінші жаңғыруының негізгі бағыттары"
тақырыбындағы магистранттардың
республикалық ғылыми конференциясының
(магистерлік оқылымдар)**

МАТЕРИАЛДАРЫ

3 ақпан 2017 жыл, Алматы

МАТЕРИАЛЫ

**республиканской научной конференции магистрантов
(магистерские чтения)
на тему "Основные направления третьей
модернизации Казахстана глазами
молодых ученых"**

Алматы, 3 февраля 2017 года

Алматы - 2017

УДК 336
ББК 65.261
О 59

Ответственный редактор:

Г.А. Куаналиева

Редакционная коллегия:

Д.Л. Байдельдинов, А.Е. Жатканбаева

Основные направления третьей модернизации Казахстана глазами молодых ученых: материалы республиканской научной конференции магистрантов (магистерские чтения) (г. Алматы, 3 февраля 2017 г., КазНУ им. аль-Фараби) /Отв. ред. Г.А. Куаналиева.- Алматы, 2017. - 180 с.

ISBN 978-601-278-817-4

В настоящем сборнике представлены научные доклады участников республиканской научной конференции магистрантов на тему: "Основные направления третьей модернизации Казахстана глазами молодых ученых", организованной кафедрой "Таможенного, финансового и экологического права" Казахского национального университета имени аль-Фараби, г. Алматы 3 февраля 2017 года.

Материалы представляют интерес для студентов, магистрантов, докторантов PhD, молодых ученых и широкого круга читателей.

Статьи воспроизведены методом прямого копирования, за содержание материалов ответственность несут авторы.

УДК 336
ББК 65.261

ISBN 978-601-278-817-4

© Казахский национальный университет имени аль-Фараби, 2017

СОДЕРЖАНИЕ

Абдірахманова Б. Қазақстан Республикасының банк жүйесінің затнамалық негізі.....	5
Азметова А. Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің кейбір мәселелері.....	7
Синакова А. Актуализация информационной безопасности.....	11
Сығымкул А.С. Некоторые теоретические аспекты финансового контроля в Республике Казахстан.....	15
Брынбасарова У.Т. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасындағы теңдік қағидасының ерекшеліктері.....	19
Қараулова Г.Д. Ауылшаруашылық өндірісін сақтандыру заңнамасындағы құқықтық қатынастардың қағидаларының жүйесі.....	22
Чжао Цини К вопросу о перспективах развития логистики в Казахстане.....	26
Ерлан Б. К вопросу продовольственной безопасности в Республике Казахстан: правовые проблемы и перспективы развития.....	32
Takeyev R. Legal aspects of carrying out the mining operations connected with extraction of hydrocarbonic raw materials.....	36
Тұрғанбек А. Темір жол көлігін сақтандырудың кейбір мәселелері.....	39
Исабаева Р.Ж. КСРО құрамындағы Қазақстан Республикасының санитарлы-эпидемиологиялық қызметінің ұйымдастырылуы.....	41
Оразалин Н. Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны радиациялық ластанудан қорғаудың кейбір мәселелері.....	44
Кенес С.Е. Жерді пайдалану мен қорғаудағы мемлекеттік бақылау органдарының құрылымдық мәселелері.....	50
Ахметсапа М.Е. Қазақстан Республикасында нотариат қызметін құқықтық реттеу негіздері.....	52
Altanova A.S. Evidences in Civil Procedure.....	55
Сабанчиев Н.М. Организационно-правовые формы предпринимательской деятельности в Республике Казахстан.....	60
Дальбекова А.К. Сущность и причины корпоративных слияний и присоединений.....	65
Kaiyr A. The value and the concept of real property rights' state registration.....	69
Сағатов А.С. Правовое регулирование исламского банкинга в Республике Казахстан.....	72
Сағатұлы А. Понятие и основные принципы таможенного контроля.....	78
Сатыбалды Е.Ж. Адам саудасы қылмыстарының объективтік белгілері.....	83
Өмірбаев С.Қ. Кедендік төлемдер мен алымдарды төлеуден жалтару жөніндегі қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу шараларының ерекшелігі.....	88

Яғни, жерді пайдалану және қорғаудағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру – Қазақстан Республикасы Энергетика, Ұлттық экономика, Ауыл шаруашылығы, сондай-ақ, Инвестициялар және даму министрліктерінің ережелерінде де бекітілген.

Осы аталған органдардың Жер кодексіне сәйкес ортақ міндеттеріне: Қазақстан Республикасының жер заңдарын бұзушыларға уақтылы шаралар қолдану; жүргізілетін тексерулердің материалдарын объективті түрде дайындау болып табылады.

Сол аталған органдар әрқайсысы өздерінің қызметтері мен міндеттерін жүзеге асыру кезінде, ол органдар әр түрлі орталықтардан басқарылатын болғандықтан, бір-біріне кедергі келтіру, қарама-қайшылықтар және кемшіліктер туғызады.

Демек, Қазақстан Республикасында жерді тиімді пайдалану мен қорғауды жүзеге асыратын жоғарыда аталған мемлекеттік бақылау органдарының қызметтерін бір-біріне кедергісіз жетілдіру мақсатында, оларды бір орталықтан басқаратын күзіретті органын құрып, соған сәйкес заңнамаларға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ұлттық энциклопедия. - 3 т. – А., 2005. - 564б.
2. Крассов О.И. Земельное право. - М.: Юристъ, 2000. - 624с.
3. Архипов И.Г. Земельное право Республики Казахстан. - Алматы, 1997. – 295 с.
4. Правовая охрана природы в СССР //Под ред. В.В.Петрова М.,1976. – 312с.
5. Қазақстан Республикасының Жер кодексі 20 маусым 2003 жыл. <http://adilet.zan.kz/kaz>
6. Әлімбеков. Табиғатты пайдалану және оны қорғау негіздері.

**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Заң факультетінің "Азаматтық құқық және
азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы"
кафедрасының 1-курс
магистранты Ахметсапа Мөлдір Есенгелдіқызы
Ғылыми жетекші:
аға оқытушы, құқық магистрі Урисбаева А.А.**

Қазақстан Республикасында нотариат қызметін құқықтық реттеу негіздері

Егер, нотариаттың тарихына үңілсек, біздің уақытымыздан XIX ғасырдың екінші жартысы алыс болғандығы сонша, тіпті бүгінгі күн

Шындығы тұрғысынан алғанда орынсыз болуы да мүмкін. Алайда бұл тұжырымның мәніне терең үңілсек, біздің қазіргі жағдайымызда оның әлі де өзекті екендігі күмән тудырмайды. Сонымен Я.Гурлянд былай деп тұжырымдаған: «Нотариус заңмен тыйым салынған мәмілелерді тіпті ол мәміленің күмәнді екендігі туралы өз сенімсіздігін тудырған, яғни заңды айналып өтіп, үшінші тұлғалардың мүддесіне нұқсан келтіру үшін жасалған мәмілелерді куәландырып растауға құқықсыз». Бұл жолдардың авторынан біздерді жүзден астам жыл алыстатып тұр, бірақ бұл жерде мәмілелер туралы сөз болып отырғанымен, біз бұл жерде автор (нотариаттық негізде куәландырылатын) қазіргі заманғы тар мағыналы ұғымдағы мәмілелер кез-келген нотариаттық іс-әрекеттерге таралатын талаптар жөнінде айтып отыр деп тұжырымдаймыз. Сондай-ақ, нотариаттық қызметтің сонау ертеден бастау алғандығын жоғары аталғандардан көріп отырмыз. Алайда, бүгінде нотариустар нотариат тарихына сирек үңіледі, дегенмен, дәл осы тарихи мәліметтерден қазіргі кездегі нормативтік ережелер, нотариаттық іс-әрекеттерді іске асыруға қатысты нормалар сол кезеңнен бастау алатындығын анықтауға болады.

Қазақстан Республикасындағы нотариат – бұл нотариаттық іс-әрекеттер жасау арқылы жеке, заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін білікті заң көмегін көрсету жөніндегі құқықтық институт [1].

Қазақстан Республикасының Президентінің 1994 жылы 12 ақпанындағы «Қазақстан Республикадағы құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қаулысы бойынша нотариатты дамытудың жолдары анықталды, соның ішінде жеке тәжірибе жүргізетін нотариустар үшін институтын енгізу, жеке тәжірибе жүргізетін нотариустар қызметін реттей алатын кәсіби органды құру, нотариалдық әрекеттерді жүргізу барысында келтірілген залалдан жеке тәжірибе жүргізетін нотариустың жауапкершілігін міндетті сақтандыру. Бүгінгі күні республикамыздағы нотариаттық қызмет 1997 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» Заңымен белгіленген жағдайлар мен шектерде нотариаттық іс-әрекеттер жасауға мыналардың құқықтары бар:

1) мемлекеттік нотариат кеңселерінде жұмыс істейтін нотариустар (мемлекеттік нотариустар) мен жеке практикамен айналысатын нотариустар (жекеше нотариустар);

2) аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің әкімдері аппараттарының нотариаттық іс-әрекеттер жасауға уәкілетті лауазымды адамдары;

3) Қазақстан Республикасының атынан консулдық қызмет атқаратын адамдар;

4) Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» Заңына сәйкес нотариаттық іс-әрекеттер жасауға уәкілетті өзге де адамдар. Осы заңға сәйкес жасы жиырма беске толған, жоғары заң білімі, заңгер мамандығы

бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілі бар, нотариуста кемінде бір жыл мерзіммен тағылымдамадан, әділет аттестациялау комиссиясының аттестациялаудан өткен және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия алған Қазақстан Республикасының азаматы нотариус болады. Жекеше және мемлекеттік нотариустардың нотариаттық қызметті жүзеге асырған кездегі құқықтары, міндеттері тең болады. Олар рәсімдеген құжаттардың бірдей заң күші болады.

Нотариаттың алдында тұрған басты мақсат ол азаматтық құқықты қатынасқа қатысушылардың құқығы мен мүддесін қорғауды қамтамасыз ету. Мұндай міндет нотариат туралы Қазақстан Республикасы Заңына тауындайды. Ал осы мақсаттардың орындауын қамтамасыз ету үшін нотариаттық палата мен нотариустар заң талаптарын қатал орындауы керек, сонымен қатар біздің нотариат негізделген принциптердің орындалуына қамтамасыз етуі керек.

Нотариаттың келесі міндеттерінің бірі превентивтік әділ сот. Заңды бекітілген даусыз құқықтар сотқа жүгінуден қорғайды және жақтардың құқықтары мен қаражаттарын үнемедеумен қатар мемлекеттің сот жүйесіне кетіретін шығындарын да азайтады. Мысал ретінде туыстық қатынастардың болу фактісін бекіту арқылы нотариустардың соттардың үлесіндегі салмақты азайту мүмкіндігін жатқызуға болады. Бұл сұрақ мұрагерлік құқықты ресімдеу кезінде жиі тауындайды және мұрагерлік құқықты ресімдеу кезінде мұрагерлердің мұраға қалдырушымен туыстық қатынастарын дәлелдейтін құжаттардың болмау жағдайымен жиі қатар жүреді [2, с. 15]. Қазір бұндай жағдайда нотариус жақтарды сотқа жіберуге міндетті, ал сот нотариус жасаған сұраныстарды қайталайды да соңында туыстық қатынастарды дәлелдей алатын куәларды шақырады.

Нотариаттық іс жүргізу Қазақстан Республикасының архивтер мен құжаттаманы басқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органымен келісу арқылы Республикалық нотариаттық палатаның қатысуымен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекітетін Нотариаттық іс жүргізу жөніндегі қағидаға сәйкес жүзеге асырылады. Қағида талаптарының сақталуына бақылау жасауды аумақтық әділет органдары мен нотариат палаталары жүзеге асырады. Мемлекеттік нотариустардың құжаттары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен міндетті түрде мемлекеттік архивке тапсырылуға тиіс. Жекеше нотариустардың құжаттары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен міндетті түрде жеке нотариаттық архивке тапсырылуға тиіс. Нотариустың өзінің тегі, аты, әкесінің аты (егер болса), сондай-ақ мемлекеттік нотариат кеңсесінің атауы (мемлекеттік нотариус мөрі) не нотариус лицензиясының нөмірі мен берілген күні (жекеше нотариус мөрі) көрсетіле отырып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі, куәландыру жазбаларының мөртабандары мен жеке бланкілері болады. Нотариустардың мөрінің бедерлері мен қолының үлгілері Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде, аумақтық әділет органында,

сондай-ақ нотариаттық палатада сақталады. Нотариаттық іс-әрекеттер жасау үшін мөрге тапсырысты және оны нотариустарға беруді жүзеге асыруды аумақтық әділет органы жүргізеді. Жекеше нотариустың мөрін дайындау оның өз қаражаты есебінен, ал, мемлекеттік нотариуске бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі. Аумақтық әділет органы мен нотариаттық палата лицензиясының күші тоқтатылған нотариустың құжаттарын басқа нотариуска немесе жеке нотариаттық архивке беру жөнінде, сондай-ақ лицензияны лицензиарға беру үшін алып қою және нотариустың мөрін жою жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

Еліміздегі нотариустар заңнамаға сәйкес жекеше және мемлекеттік нотариустар деп бөлінеді. Бұл ретте атап өтерлік жайт, жекеше және мемлекеттік нотариустардың нотариаттық қызметті жүзеге асырған кездегі құқықтары, міндеттер тең болады. Олар рәсімделген құжаттардың бірдей заң күші болады [3, с. 25].

Бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйенің аталған кемшіліктеріне қарамастан, бұл жүйе сотта адам және азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау арқылы салдарымен күреспей, барлық аталған құқық бұзушылықтарды келісім жасаған кезде тыюға болатынын көрсетеді. Яғни осы жүйені қолдана отырып, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қосымша жағдайлар жасалынуда деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Нотариат туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 шілдедегі N 155 Заңы <http://adilet.zan.kz/kaz>
2. П.П.Глушенко, А.М.Седов Основы нотариальной деятельности, учебное пособие, СПб, 1999. - 250 с.
3. В.Н. Аргунов Правовые основы нотариальной деятельности. - М., 1994. - 450 с.

Altanova A.S.

2nd year masters student

Scientific leader:

Doctor of Law, associated Professor

Kuanaliyeva G. A.

Evidences in Civil Procedure

Summary. Under objective research classified the main features of judicial evidence, it defines the requirements for them. The requirements defined in the examples. Considered importance for judicial adjudication of evidence.

Keywords: judicial evidence, the proof, the circumstances relevant to the case